Жанғара ДӘДЕБАЙҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ АЙРЫҚША ЗОР БАСТАМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде (Қызылорда, 2026 жыл, 20 қаңтар): «Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек», - деп, тарихи-әлеуметтік маңызы зор бастама көтерді. Мемлекет басшысының қағида деңгейінде негізделген осы ұстанымын Абай ілімінің ұлттық, жалпыадамзаттық маңызы мен мәніне берілген заманауи қоғамдық-саяси баға деп білеміз.

Мемлекет басшысының бастамасына негіз болған қағида үш құрамдас тұжырымнан тұрады. **Бірінші:** «*Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс*».

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми зерттеу институтының директоры, ұстаз, ғалым ретінде Абай ілімі туралы осы тұжырымның адал азамат қалыптастырудағы, Әділетті Қазақстанның зияткерлік әлеуетін арттырудағы маңызы аса зор деп санаймын. Қасым-Жомарт Кемелұлының осы тұжырымына сүйене отырып, Абай ілімі басты рухани құндылығымыз екенін арнайы атап айтқанды дұрыс көремін. Абай ілімін білу, түсіну, өмірде қолдану - әлеумет

үшін, елдің өсер өркені үшін, ел болашағы үшін ауадай қажеттілік. Абай ғылыми зерттеу институтында жасалып, жоғары білім беру бағдарламаларына енгізілген «Абай ілімі» оқу пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің жасалуы, оқу құралдарымен жабдықталуы - *Абай ілімінің біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуын* қамтамасыз ету жолындағы елеулі жетістік.

Фараби университетінің 2026 жылғы 23 қаңтардағы кеңейтілген Ғылыми кеңесі Абай іліміне ерекше мән беріп, «Абай ілімі» оқу пәнін, Абайдың «Кісілік кодексін», «Абайдың таксономиясын» университеттің зияткерлік меншігі ретінде бекітті, университеттің зияткерлік меншігі тізбесіне енгізді. «Абай ілімі» оқу пәнін университеттің жоғары білім беру бағдарламаларының жалпы білім беретін пәндер циклындағы жоғары оқу орнының таңдау компоненті ретінде бекітті.

Аталған зияткерлік өнімдер - Мемлекет басшысының Жарлығымен (5 қараша 2025) бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» негізіндегі баршаға мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты және өркениетті қоғам құру, адал азамат қалыптастыру, Әділетті Қазақстанды құру туралы өзекті идеяны жүзеге асыруға қызмет ететін қолданбалы сипаттағы бірден-бір қолайлы және аса қуатты тетіктер. Бұл тетіктер – алтыннан ардақты ұлттық рухани байлығымыз. Халық даналығы: «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», - деген. Бүгінгі күннің рухани құндылықтары тұрғысынан қарағанда, қолда барда алтынның қадірін білмеуіміз мүмкін, ал Абай ілімінің қадірін білмеуге болмайды. Абай ілімінің жарығы қолда тұрмайды, жүректе жанады. Абай ілімінің жарығына талпынған жүрек – аяулы жүрек. Абай ілімін оқымаған, білмеген, санасына сіңірмеген, өмірде қолданбаған, қажет деп есептемеген маманның да, адамның да кісілігі толық болмайды. Республика Президентінің Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізу туралы бастамасына негіз болған қағидасы

құрамындағы бірінші тұжырымының мәнісі, қысқаша айтқанда, осындай.

Екінші тұжырым: «*Абайдың ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді*». Тура. Абайдың *жүрегінің түбіне терең бойлап*, оның ой-толғамдарын дәуір сұранысы биігінде қапысыз пайымдаудан туған толайым тұжырым. Мысалы, Абай ілімі жүйесінде түзілген Абайдың «Кісілік кодексінің» мына бабына назар аударайық: «Құдайдан қорық, пендеден ұял». Абайдың «Қара сөздерінен» алынған. Абай институты дайындаған Абайдың «Кісілік кодексі» осы баптан басталады. Бұл жерде әсіре діншілдіктің елесі де жоқ. Болмыстың жүзіне тура қарағанда, Құдайдан қорықпайтын адамнан қорқу керек, пендеден ұялмайтын адамнан *бетті басып, тұра қашу* керек.

Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», - секілді ғақылдары, Абайдың ілімі, Абайдың Кісілік кодексі дүние жүзі халықтарының ең бір асыл, ең бір қасиетті құндылықтарымен мәндес, мағыналас. Осы реттен келгенде, Абайдың ой-толғамдары, жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттайтын «Қара сөздері» біз үшін ғана емес, әлем халықтары үшін де маңызды екенінде сөз жоқ.

Үшінші тұжырым: «*Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр*». Абайдың «Толық адам» идеясы, Абай ілімі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен (5 қараша 2025 жыл) бекітілген «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттары» негізіндегі *баршаға бірдей мүмкіндік беретін ашық, қуатты және дамыған ел, жауапты және өркениетті қоғам құру, адал азамат қалыптастыру, Әділетті Қазақстанды құру* туралы өзекті идеяны жүзеге асыруға қызмет етеді. Абай ғылыми зерттеу институтының нақты зияткерлік өнімдері «Абай ілімі» оқу пәні, «Абайдың даналық сөздері» е-басылымы, «Абайдың Кісілік кодексі, «Абайдың таксо-

номиясы» - осы ұлы идеяны іс жүзіне асырудың теңдесі жоқ қолданбалы тетіктері. Осы тетіктердің мәні мен мағынасының түпнегізі Абайдың «Қара сөздерінде» жатыр. Сондықтан Мемлекет басшысының Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізу туралы бастамасын қолдап, іс жүзіне асыру дүние жүзі халықтарының асыл мұратына жетуіне, дүние жүзі халықтарының интеллектуалдық әлеуетінің артуына, кісілік болмысының кемелденуіне ықпал етеді.

Абайдың «Қара сөздерінің» өзегіндегі қағидалар қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының, дәстүрлі мәдениетінің іргелі құндылықтарына негізделген. Абайдың ілімі жүйесіндегі рухани құндылықтар – қазақ халқы үшін, адамзаттың бәрі үшін қымбат қасиеттер мен ізгі игіліктердің бастау-көзі.

Абай адамның мінезін, заманның бетін өз ілімінің ұлттық және адамзаттық рухани құндылықтарға негізделген қағидаларына сай түземек болған. Бұл – адамзат қоғамының тарихындағы ең бір ізгі, ең бір асыл мақсат. Алдына мұндай асыл мақсат қою үшін кісінің жүрегінде оның өз халқына, адамзатқа деген шексіз һәм шартсыз сүйіспеншілігі, ұлы махаббаты болуы шарт. Абай ілімінде гі, Абайдың «Қара сөздеріндегі» адам мінезін түзеу, адамды адал азамат деңгейіне көтеру туралы ой-толғамдар мен қағидалардың жүйесі - бүкіл қазақ халқы үшін, адамзаттың бәрі үшін *қанша заман өтсе де өзекті болып қала беретін* ізгі де игілікті құндылық.

Абайдың «Қара сөздері» жүйесіндегі қағидалардың адамзат ақыл-ойының тарихында танымдық, тағылымдық маңызы, әлеуметтік мәні терең. Адам табиғаты, оның көпқырлы болмысы, әлеуметтік тұрғысы, қоршаған ортамен қатынасы туралы терең, тегеурінді әрі ерекше маңызды қағидалардан Абай ілімінің басты ұстанымдарының мәнісі аңғарылады. Мұндай қағидалар мен ұстанымдар жүйесін жасау деңгейіне Абайға дейінгі данышпандардың ешқайсысы көтерілмеген, бұлайша шарықтап ойлау жүйесі әлем даналарының да мүмкіншілігінен жоғары, биік.

Адамзаттың, адам баласының адамдық мәні, Кісілік қасиеті, қоғам сипаты туралы толық жүйедегі ілім қазақ қоғамының тарихында Абайда ғана болды. Абай өз ілімі арқылы адамзат ақыл-ойының кеңістігінде даналық ұстанымдары мен қағидаларының күрделі жүйесін қалыптастырды. Абай өз ілімінде негіздеген осы жүйе - ұлттық мазмұнының байлығымен, адамзаттың бәріне ортақ қасиетті мәнімен заманымыздың айрықша рухани игілігі. Заманымыздың айрықша рухани игілігі деп отырған осы жүйенің көзбен көріп, құлмен ұстап, ақылмен танып білуге болатын мынадай нақты да затты құрамдастары бар: «Абайдың Кісілік кодексі», «Абайдың таксономиясы» «Абай ілімі» оқу пәні, «Абайдың даналық сөздері» е-басылымы және цифрлық форматтағы «Абайтану антологиясы» атты дербес зияткерлік ресурстар базасы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ҚР Президенті Әкімшілігінің өкілі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, Астана, Алматы әкімшілігі мен ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі өкілдерінің қатысуымен өткен кеңейтілген ғылыми кеңесі аталған құндылықтарды өзінің зияткерлік меншігі ретінде бекітіп, Зияткерлік меншігінің Тізіміне енгізді және республика көлемінде қолдану туралы ұсыныс жасады.

Абайдың ілімін білмей, Абайдың «Қара сөздерін» оқымай маман болу мүмкіншілігін жоққа шығармаймын. Бірақ мен мынадай ойдамын: Абай ілімінің құндылықтарын санасына сіңірмей, ақыл-ойының қасиетті қуатына айналдырмай, істер ісінің, атқарар қызметінің әділетті таразысы етіп ұстанбай Кісі болатын, адал азамат болатын жол жоқ. Заңды, заңнаманы бұзу, әділеттен таю, қылмыстық іс жасау маманның заң ережелерін жете білмеуінен немесе кәсіби құзыреттілігінің төмендігінен емес, Кісілік негізінің қалыптаспағанының, Кісілік негізінің жамандығының нәтижесі ретінде орын алады. Мәселе

адамның кісілік негізінде. Абай ілімі адамның кісілік негізін қалыптастырады.

Болашақ жас маманның Кісілік негізін қалыптастыру жайында әркім-ақ өз пікірін айта алады. Бірақ қазіргі шақта мынадай ақиқат шындық бар: болашақ жас маманның Абайдың «Қара сөздерін», Абайдың «Кісілік кодексін», Абай ілімін, Абайдың ой-толғамдарын білу, түсіну, есте сақтау және кәсіби қызметінде еркін қолдану құзыреттілігін қалыптастырмайынша ұлттық экономиканың арқауы болатын, ел болашағының кепілі болатын білікті, кісілікті маман даярлау, адал азамат қалыптастыру оңай емес.

Әлем халықтарының материалдық және рухани мәдени мұраларын «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізу Бүкіләлемдік мұралар комитетінің шешімімен жүзеге асады. «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енген мәдени мұра мәңгілік сақталады, қорғалады, насихатталады және дүниежүзі халықтарының қолжетімді игілігіне айналады. Абайдың «Қара сөздерін» осы аталған деректі мұралар тізіміне енгізу қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына, қоғамдық санасының жаңғыруына, адамзаттың бәрінің зияткерлік әлеуетінің артуына ықпал етеді.

Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз туралы Мемлекет басшысының бастамасын Қазақстан халқы қолдайды деп сенемін.

2026